

Ауыл шаруашылығындағы пестицидтер

Орындаған: Берген Нұргүл БТ-31

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

<https://www.zharar.com/kz/referat/234-referat.html>

Ж.Ақбасова, Г.Ә.Сайнова «Экология», А., 2003.

Ж.Жатқанбаева «Экология негіздері», А., 2004.

- Ауыл шаруашылық дақылдарын түрлі зиянкестерден сақтауда кеңінен қолданылып жүрген химиялық заттарды — пестицидтер деп атайды.
-



Пестицидтер

Бұлардың ішінде арам шөптерге қарсы күресуде қолданылатын — гербицидтер, ауру қоздыруы саңырауқұлақтардан өсімдіктерді қорғайтын — фунгицид препараттары, насекомдардан қорғайтын инсектицидтер, нематод және басқа да зиянкестерге қарсы қолданылатын — нематоцидтер бар.



гербицид



фунгицид



ИНСЕКТИЦИД

Ауыл шаруашылығына түрлі зиянкестер орасан зор зиянын тигізеді. Сондықтан пестицидтерді ендіру тез көбейтілді. Мәселен, тек Америка Құрама Штаттарында жылына 400 миллион доллардай әр түрлі химиялық қорғаныш заттар өндіріледі. Пестицидтер тиімді болғанымен топырақта едәуір мөлшерде жиналып қалатынын ескеру керек. Ол мал және адам үшін аса қауіпті.



- Санитариялық ережелер бойынша қазіргі кезде кейбір тағамдарда (сүт, ет, астық т. б.) пестицидтер мүлдем болмауы тиіс. Бұл ереже сақталмаса адамның ауруға шалдығуы мүмкін. Жер шарының 50 елінде 30 мыңдай адам осы пестицидтермен уланғандығы мәлім болып отыр. Бұлардың басым көпшілігі Америка Құрама Штаттары мен Жапонияда байқалады. Өйткені бұлар пестицидтерді ең көп қолданатын мемлекеттер



етте




сүтте

- Қазіргі кезде арам шөптерге қарсы қолданылатын пестицидтердің ішінде гербицидтер олардың жеке түріне ғана әсер етеді, ал мәдени өсімдіктерге зиянын тигізбейді. Гербицидтерге дихлормай қышқылы, дихлор- 3-аминобензой қышқылы және симазин жатады.



- Топырақта бұл препараттар өзгеріске ұшырайды. Олардың бірқатар бөлігі ауаға таралады, қалғандары микроорганизмдер әрекетінен ыдырайды. Ондай микроорганизмдерге псевдомонас, бульгарис, норкадиа, кораллина, азотобактер, триходерма т.б. жатады. Кейде топырақ қышқылды болса гербицидтер микроорганизмдерге жойқын әсер етеді. Сондықтан оларды нейтралды топыраққа қолданып жүр.



азотобактер



триходерма

| № | Пестицидтердің атауы | Қолдану аясы |
|---|----------------------|---|
| | Инсектицидтер | Зиянкес жәндіктерге қарсы қолданылады. Зиянкестер өнімділікті төмендетіп, адам және жануарларда ауру таратады |
| | Гербицидтер | Арамшөптерге қарсы |
| | Фунгицидтер | Саңырауқұлақтар, зең саңырауқұлақтарына қарсы |
| | Бактерицидтер | Бактерияларға қарсы |
| | Акарицидтер | Кенелерге қарсы |
| | Лимацидтер | зиянкес моллюскаларды жоюға |
| | Афицидтер | Күйе көбелектері мен олардың дернәсілдерін жоюға |
| | Зооцидтер | Зиянкес кемірушілерді құртуға |
| | Десиканттар | Өсімдіктердің тамырына дейін кептіру үшін қолданады |

Қорытынды

Пестицидтерді пайдалану ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығының өнімділігін арттырады, өсімдіктерді қорғауда маңызы зор. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша жыл сайын дүние жүзінде пестицидтерді пайдаланудың салдарынан 500 000-нан 2 миллионға жуық адам уланып, олардың 10-40 мыңы өлім жағдайымен аяқталатыны туралы статистикада тіркелген. Көптеген елдерде пестицидтерді пайдалануға тыйым салынған.

Бақылау сұрақтары:

- 1. Пестицидтер қандай заттар?
- 2. Пестицидтердің зиянкестерге қарсы қолданылуына қарай жіктелуі
- 3. Химиялық құрамы бойынша пестицидтер қалай бөлінеді?
- 4. Топырақтағы микроорганизмдерге пестицидтердің әсері қандай?